

ISSN (Print) 2616-6844
ISSN (Online) 2663-1318

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ҚҰҚЫҚ сериясы
LAW Series
Серия ПРАВО

№ 4(133)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы

Ибрагимов Ж. И. Заң ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Абдрасулов Е. Б.** з.ғ.д., профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бас редактордың орынбасары **Аничкин Е. С.** з.ғ.д., доцент, Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул, Ресей

Редакция алқасы

Абайдельдинов Е.М. з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Абдилов Қ.С. PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ақпанов А.Н. з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Амандықова С.К. з.ғ.д., проф., Астана халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бабкина Е.В. з.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік университеті, Минск, Беларусь
Баймаханов М.Т. з.ғ.д., проф., академик, «КАЗГЮУ университеті» АҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Балтабаев К.Ж. з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Букалерова Л.А. з.ғ.д. проф., РУДН (Ресей)
Бурибаев Е.А. з.ғ.д., проф., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Бусурманов Ж.Д. з.ғ.д., проф., ҚР Жоғарғы Сот төрелігі Академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Винниченко О.Ю. з.ғ.д., проф., Тюмень мемлекеттік университеті, Тюмень, Ресей
Исполинов А.С. з.ғ.д., проф., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей
Кала Н.С. PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Коробеев А.И. з.ғ.д., проф., Қыршығыс федералды университеті, Владивосток, Ресей
Мукашева А.А. з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нургалиева Е.Н. з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Сарсенова С.Н. з.ғ.к, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Глепина Ш.В. з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Томас Давулис з.ғ.д., проф. Гедиминас атындағы Вильнюс университеті, Вильнюс, Литва
Рейн Мюллерсон з.ғ.д., проф., Таллин университеті, Таллин, Эстония
Трунк А. з.ғ.д., проф., Кристиан Альбрехт атындағы, Киль университеті, Киль, Германия
Турдуковский Я. з.ғ.д., проф., Варшава университеті, Варшава, Польша

Журнал менеджері: Г. Мендыбаева

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 б.
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-457)
E-mail: vest_law@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғам

27.03.18 ж. № 16992-Ж-тіркеу куәлігімен Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-457)

Editor-in-Chief

Ibragimov Zh.I. Doctor of Juridical Sciences, Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Abdrassulov E.B.** Doctor of Juridical Sciences, Prof.,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Deputy Editor-in-Chief **Anichkin E.S.** Doctor of Juridical Sciences, Assoc.Prof., Altai State University (Russia)

Editorial board

Abaydeldinov E.M. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Abdilov K.S. PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Akhpanov A.H. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Amandykova S.K. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Babkina E.V. Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof., Belarusian State University, Minsk, Belarus
Baymakhanov M.T. Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academician, KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Baltabayev K.Zh. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bukalerova L.A. Doctor of Juridical Sciences, Prof., RUDN University (Russia)
Buribaev E.A. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Busurmanov Zh.D. Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academy of Justice under the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan
Vinnichenko O.Yu. Doctor of Juridical Sciences, Prof., University of Tyumen, Tyumen, Russia
Ispolinov A.S. Doctor of Juridical Sciences, Prof., Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia
Kala N.S. PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Korobeyev A.I. Doctor of Juridical Sciences, Prof., Far Eastern Federal University, Vladivostok, Russia
Mukasheva A.A. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurgaliyeva E.N. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sarsenova S.N. Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tlepina Sh.V. Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tomas Davulis Doctor of Juridical Sciences, Prof., Vilnius University, Vilnius, Lithuania
Rain Mullerson Doctor of Juridical Sciences, Prof., Tallinn University, Tallinn, Estonia
Trunk A. Doctor of Juridical Sciences, Prof., Keele University, Keel, Germany
Turlukovsky Ya. Doctor of Juridical Sciences, Prof., Warsaw University, Warsaw, Poland

Managing editor: **G. Mendybaeva**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University. Law Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 16992-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-457)

Главный редактор

Ибрагимов Ж. И. доктор юридических наук, профессор,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Зам. главного редактора **Абдрасулов Е. Б.** д.юр.н., проф.,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан
Зам. главного редактора **Аничкин Е. С.** д.юр.н., доцент, ФГБОУ ВО «Алтайский государственный
университет», Барнаул, Россия

Редакционная коллегия

Абайдельдинов Е.М. д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан
Казахстан
Абдилов К.С. PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ахпанов А.Н. д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан,
Казахстан
Амандыкова С.К. д.юр.н., проф., Международный университет Астана, Нур-Султан, Казахстан
Бабкина Е.В. к.юр.н., доцент, Белорусский государственный университет, Минск, Беларусь
Баймаханов М.Т. д.юр.н., проф., академик, АО «Университет КАЗГЮУ», Нур-Султан, Казахстан
Балтабаев К.Ж. д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан,
Казахстан
Букалерова Л.А. д.юр.н., проф., РУДН (Россия)
Бурибаев Е.А. д.юр.н., проф., КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Бусурманов Ж.Д. д.юр.н., проф., Академия правосудия при Верховном Суде РК, Нур-Султан, Казахстан
Винниченко О.Ю. д.юр.н., проф., ФГАОУ ВО «Тюменский государственный университет», Тюмень, Россия
Исполинов А.С. д.юр.н., проф., МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва, Россия
Кала Н.С. PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Коробеев А.И. д.юр.н., проф., Дальневосточный федеральный университет, Владивосток, Россия
Мукашева А.А. д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан,
Казахстан
Нургалиева Е.Н. д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан,
Казахстан
Сарсенова С.Н. к.юр.н., доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан
Тлепина Ш.В. д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан,
Казахстан
Томас Давулис д.юр.н., проф., Вильнюсский университет имени Гедиминаса, Вильнюс, Литва
Рейн Мюллерсон д.юр.н., проф., Таллиннский университет, Таллин, Эстония
Трунк А. д.юр.н., проф., Кильский университет им. Кристиана Альбрехта, Киль, Германия
Турдуковский Я. д.юр.н., проф., Варшавский Университет, Варшава, Польша

Менеджер журнала: Г. Мендыбаева

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-457)

Е-mail: vest_law@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Право

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство
№ 16992-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1,

тел.: +7 (7172) 709-500 (вн.31-457)

Мазмұны

<i>Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық</i>	
<i>Алтынбасов Б.О., Амандықова С.К.</i> Университеттердің эндаументтік қорларын құрудың құқықтық және тарихи негіздері	8
<i>Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық құқық</i>	
<i>Аронов А.Қ.</i> Сандық қарақшылық: Интернет-провайдерлердің жауапкершілік мәселелері	23
<i>Баянов М.Т.</i> Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау жөніндегі норманың басқа нормалармен бәсекелестік мәселелері	33
<i>Ақпанов А.Н., Құлбаева М.М.</i> Ұйқамға алу: санкциялау кезіндегі құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету	42
<i>Азаматтық құқық, Еңбек құқығы</i>	
<i>Төлеубай А., Қыздарбекова А.С.</i> Заңды тұлға құрылымының қалыптасуы жайлы мәселесі	49
<i>Алимханова С.К.</i> «Еңбек заңнамасын үйлестіру» тұжырымдамасы мәселесі бойынша: теориялық аспектілер (ЕАЭО елдерінің мысалында)	62
<i>Мүкашева А.А., Нурекешов Т.К.</i> Жануарлар Қазақстан Республикасы заңнамалары бойынша құқықтық қорғалу объектісі ретінде	74
<i>Халықаралық құқық</i>	
<i>Тлешина Ш.В., Зукай Ж.</i> Орталық Азия мемлекеттерінің азаматтық және саяси құқықтары жүзеге асыру саласындағы ұлттық баяндамаларын дайындау және БҰҰ комитеттерінің қорытынды ескертулерін орындау практикасы	81
<i>Рзаев О.В.</i> Әзірбайжан Республикасының құқықтық жүйесінде Халықаралық құқық нормаларын имплементациялау ерекшеліктері	92

Contents

The theory of the state and the law, the constitutional law

<i>Altynbassov B.O., Amandykova S.K.</i> Legal and historical frameworks of establishment of university endowment funds	8
---	---

Criminal and criminal procedural law

<i>Aronov A.K.</i> Digital piracy: Responsibility issues of Internet service providers	23
<i>Bapanov M.T.</i> Some issues of competition of norms on the appointment of a softer punishment than provided for a given criminal offense with other norms	33
<i>Akhpanov A., Kulbayeva M.</i> House arrest: Guarantee of rights and freedoms under the investigative court authorization	42

Civil, Labor law

<i>Toleubay A., Kizdarbekova A.S.</i> On the issue of a legal entity structure establishment	49
<i>Alimkhanova S.K.</i> To the question of the concept of "harmonization of labor legislation": theoretical aspects (on the example of EAEC countries)	62
<i>Mukasheva A.A., Nurekeshov T.K.</i> Animals as an object of legal protection under the legislation of the Republic of Kazakhstan	74

International law

<i>Tlepina Sh.V., Zukay Zh.</i> The practice of preparing national reports of Central Asian states in the field of the implementation of civil and political human rights and the implementation of the concluding observations of UN committees	81
<i>Rzayev O.V.</i> Features of the implementation of international law norms in the legal system of the Republic of Azerbaijan	92

Содержание

Теория государства и права, конституционное право

Алтынбасов Б.О., Амандыкова С.К. Правовые и исторические основы создания эндаумент-фондов университетов 8

Уголовное и уголовно-процессуальное право

Аронов А.К. Цифровое пиратство: вопросы ответственности интернет-провайдеров 23

Бапанов М.Т. Некоторые вопросы конкуренции норм о назначении более мягкого наказания, чем предусмотрено за данное уголовное правонарушение с другими нормами 33

Ахпанов А.Н., Кулбаева М.М. Домашний арест: обеспечение прав и свобод при санкционировании следственным судом 42

Гражданское, Трудовое право

Толеубай А., Киздарбекова А.С. К вопросу о становлении конструкции юридического лица 49

Алимханова С.К. К вопросу о понятии «гармонизация трудового законодательства»: теоретические аспекты (на примере стран ЕАЭС) 62

Мукашева А.А., Нурекешов Т.К. Животные как объект правовой охраны по законодательству Республики Казахстан 74

Международное право

Тлепина Ш.В., Зукай Ж. Практика подготовки национальных докладов государств Центральной Азии в сфере осуществления гражданских и политических прав человека и выполнения заключительных замечаний комитетов ООН 81

Рзаев О.В. Особенности имплементации норм международного права в правовой системе Азербайджанской Республики 92

А.А. Мукашева¹
Т.К. Нурекешов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан
(E-mail: anarabai@mail.ru, nurekechovt@mail.ru)

Жануарлар Қазақстан Республикасы заңнамалары бойынша құқықтық қорғалу объектісі ретінде

Аннотация. Бұл мақалада жануарлардың барлық түрлерімен адамгершілік және адами қарым-қатынас саласындағы қазақстандық заңнамалық реттеудің жаңа бағыты, сондай-ақ, жануарлармен жұмыс істеу кезінде азаматтардың құқықтары мен өзге де заңды мүдделерін қорғау және құқықтанудың осы саласында жаңа ғылыми зерттеулердің бастауы мәселелері қарастырылды.

Қазақстан заңнамасында бұрын жабайы жануарлардан басқа «жануарлар» деген ұғым берілмеген. Заң жобасы оларды үй, жабайы, оның ішінде, қамауда немесе жартылай қамау жағдайында ауылшаруашылық фаунаның биологиялық объектілері ретінде анықтанды ұсынады. Сондай-ақ, ұстау орнынан тыс жерде тұрған және жануар иесі тарапынан бақылау жоғалған қараусыз қалған жануарлар бойынша және қаңғыбас жануарлар бойынша-иелері екі ай бойы іздеу жолымен анықталмаған қараусыз қалған жануарлар қатарындағы иттер мен мысықтарды нақтылау қажет.

Түйін сөздер: жануарлар әлемі, жануарлар, қаңғыбас жануарлар, үй жануарлары, қызметтік жануарлар, эксперименттік жануарлар, жауапкершілік, жануарларды емдеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2020-133-4-74-80>

Түсті: 12.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 22.12.20

Кіріспе. Қазақстан фаунасы түрлерінің көптігі (830-дан астам омыртқалылар және 50000 омыртқасыз жануарлар) біздің еліміздің ерекшелігіне жатады.

Жануарларды құқықтық қорғау ертеден жүзеге асырылып келе жатқанымен тиісті деңгейде жүзеге асырылмайды. Табиғи еркіндік жағдайындағы жабайы жануарлардың құқықтық мәртебесін заңнамалық бекіту Қазақстан Республикасы заңнамаларынан көрініс табады.

ҚР Конституциясының 6 бабының 3 тармағында [1] жануарлар бойынша бір норма берілген, онда жануарлар әлемі табиғи қорлар ретінде мемлекет меншігінде болатыны туралы айтылған. ҚР 2004 жылғы 9 шілдеде-

гі №593 «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» [2] арнайы Заңы жануарлар әлемі деп Қазақстан Республикасы территориясында тұрақты түрде немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ, континентальдық шельф пен Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағының табиғи қорларына жататын жануарлардың жиынтығын көрсетеді. Осы анықтаманың мазмұнына қарай жануарларға Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық жануарларды жатқызуға болады (1 баптың 39 тармағы). Сонымен қатар, заң шығарушы одан әрі нақтылай отырып «жануар» ұғымына да анықтама береді, оларға тек құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркін-

дік жағдайында болатын жабайы жануарлар ғана жатқызылады делінген (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары) (1 баптың 35 тармағы). Сонымен, ҚР жабайы жануарлар әлеміне жатқызылмайтын барлық жануарлар түрлері заңнамалық реттеу шектерінен тысқары қалып қойып отыр.

Жануарлармен қатынасты реттеудің жеке-леме мәселелері ҚР заңнамаларының жалпы және арнайы нормаларымен регламенттелінген (ҚР азаматтық кодексі [3], ҚР экологиялық кодексі [4], ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі [5], ҚР қылмыстық кодексі [6], «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы [7], «Ветеринария туралы» ҚР Заңы [8], ҚР «Бал ара шаруашылығы туралы» Заңы [9], «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» ҚР Заңы [10], ҚР ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Жануарлармен қарым-қатынас ережелерін бекіту туралы» бұйрығы және т.б. оларда аталған жануарлар санаттары материалдық әлемнің өзге де жанысыз объекттерімен бір қатарда мүлік объектісі ретінде қарастырылады. Көп жағдайларда олардың тағдыры меншік иелерінің немесе жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық шаруашылықтарының қолында болады.

Міндет қою. Қазіргі пандемия жағдайы мен шектеуші карантиндік шаралардың енгізілуі жағдайында жануарлардың барлық түрлерімен қарым-қатынас мәселелері жануарлармен қарым-қатынасты заңнамалық реттеудің қолда бар мәселелерін ашып көрсетті (жабайы, үй жануарлары, ауыл шаруашылығы және т.б.). Жануарларға қатыгездік көрсетілгені туралы хабарламалар әлеуметтік желілерде тұрақты түрде көрініс беріп келеді (тюлендерді таяқпен ұрып-соғу, иттің басын мұздатқыш есігіне қысу және өзге де жағымсыз жағдайлар).

Бұл ғылыми жұмыстың **мақсаты** қолда бар құқықтық вакуумды жою және жануарлардың барлық түрлерімен жұмыс істеу қатынастарын құқықтық реттеу саласында зерттеу жүргізу қажеттілігі болды.

Жұмыста құрылымдық, функционалдық; логикалық талдау әдістері, сондай-ақ, жүйелі

тәсіл, салыстырмалы-құқықтық талдау, болжау әдісі қолданылды.

Нәтижелер / талқылау. Депутаттардың бастамасы бойынша қазіргі таңда ҚР экология, геология және табиғат қорлары министрлігінің орман және жануарлар әлемі комитеті «Жануарлармен қарым-қатынастағы жауапкершілік туралы» заң жобасын құрастырған (заң жобасы), ол қолда бар заңнамалардағы олқылықтардың орнын толтырып, жануарларды қорғауға бағытталуы тиіс болатын.

Сонымен қатар, тәжірибе көрсетіп отырғандай жануарларға қатыгездік жасайтындар адамдарға қарсы 5 есе көп қатыгездікпен қылмыс жасайды және 4 есе көп мүліктік қылмыс жасауға бейім болып келеді.

Қолданыстағы заңнамаларда жануарларға арналған баспаналар, оларды салу стандарттары, үй жануарларын серуендету мен ұстау ережелері жоқ, ал түрлі қалалар мен елді-мекендердегі қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау мен жою ережелері әртүрлі болып келеді.

Қаңғыбас жануарларды ату процесінің өзі қоғам тарапынан көптеген сынға ұшырауда. Жануарларды қорғаушылар оның орнына жануарларға арналған баспаналар салуды және иттер мен мысықтарды стерилизациялауды жүзеге асыруды ұсынады. Кейбір үй жануарларының иелері өздері асыраған жануарларды тастап кетеді, оларды ұзақ уақытқа тамақпен сусыз қалдырады, уақытымен ветеринарлық көмек көрсетпейді.

Республикада өткізілетін иттер таластыруда этикалық сипаттағы сауалдар туындатады, сондай-ақ, кейбір зообақтар мен цирктердегі жануарлардың қалай ұсталатыны да азаматтардың қатты алаңдаушылығын тудырады [11].

«Жануарларға жауапты көзқарас туралы» ҚР заңнамаларының негізгі ережелерімен, сондай-ақ, 27.12.2018 №498-ФЗ «Жануарларға жауапкершілікпен қарау және Ресей Федерациясының жеке-леме заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Федералдық Заңмен, сондай-ақ, 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №498-ФЗ «Жануарларға жауапкершілікпен қарау және Ресей Федерациясының жеке-леме заң актілеріне

өзгерістер енгізу туралы» Федералдық Заңға баптар бойынша коментарийлермен танысу және талдау [12], ресейлік тәжірибенің ұсынылған заңнамалық реттеудің кейбір оң және теріс жақтарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Талданған мақаладан кейінгі түсініктеме-жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Федералды заңның алғашқы ғылыми-практикалық түсіндірмесі болып табылады. Осы сипатта орындалған жұмыстармен салыстырғанда, нақты түсініктеме оны орындауға атиптік көзқараспен ерекшеленеді. Оны дайындау кезінде дәстүрлі түрде заңның өзі және оның қолданылуын қамтамасыз ететін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің нормалары зерттелді, түсіндірілген нормалардың басқа заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен жүйелі байланысы байқалды, сот және басқа да құқық қолдану практикасы талданды. Сонымен бірге, заң нормаларына түсінік беру кезінде олардың терминологиялық, мазмұндық кемшіліктері мен тұтастай алғанда заңның жетілмегендігі, ең алдымен — оның шамадан тыс декларативтілігі және іске асыру тетігінің жеткіліксіз пысықталуы, оның ішінде, талаптардың орындалмағаны, ұйымдастырушылық және материалдық-қаржылық қамтамасыз етілгені үшін заңдық жауапкершіліктің болмауы айқындалады.

Нақты және заңды жағдайларды талдай отырып, жануарларды ұстау, пайдалану және қорғаудың жаңа нормаларын қолдану көптеген мәселелер кездеседі және олардың салдарын болдырмас үшін түсіндірілген Федералды заңның бағыты мен түзету тәсілдерін көрсетуге тырысады. Осылайша, ресейлік әріптестердің бұл түсіндірмесі жануарларға қараудың құқықтық реттеу мәселелерін зерттеудің доктриналық негізін қалайды, сонымен қатар, оны жетілдіру және ондағы нормаларды дұрыс түсіндіру үшін осы салада Федералды заңды қолдану тәжірибесін жалпылайды.

Енді Махатма Гандидің: «Ұлттың ұлылығы мен оның моральдық прогресін жануарларға деген қарым-қатынасы арқылы бағалауға болады» деген өсиетін еске түсіріп, одан әрі дұрыс бағытта жүру маңызды [12, 28-29 б].

Бұл Заң жобасының ең маңызды жағы оның бастамасының көтерілуі, талқылануы және 35 баптан тұратын заңның мемлекеттік деңгейде одан әрі қабылдануы болып табылады. Бұл жерде атап өтетін жағдай депутаттар заң жобасын ҚР Президентінің 2020 жылы жануарларға қатыгездік көрсетілуі туралы мәселеге көңіл аударып, жануарларды қорғау туралы заң жобасын құрастыру туралы тапсырма бергеннен кейін ұсынған болатын.

Заң жобасы реттейтін қатынастардың кең көлемділігі де үлкен маңызға ие болады, ол өз әрекетін шектеусіз барлық жануарларға оларды қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жануарлармен қарым-қатынас барысындағы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы, сондай-ақ, адамгершілікті нығайту және қоғамның гуманизмі принциптерін сақтайды. Заң жобасының 1 бабында қарастырылған бұл норма өзінің мазмұны бойынша №498 ФЗ 1 бабының 1 тармағына сәйкес болып келеді.

Қазақстан заңнамасында бұрын жабайы жануарлардан басқа «жануарлар» деген ұғым берілмеген. Заң жобасы оларды үй, жабайы, оның ішінде, қамауда немесе жартылай қамау жағдайда ауылшаруашылық фаунаның биологиялық объектілері ретінде анықтауды ұсынады. Сондай-ақ, ұстау орнынан тыс жерде тұрған және жануар иесі тарапынан бақылау жоғалған қараусыз қалған жануарлар бойынша және қаңғыбас жануарлар бойынша-иелері екі ай бойы іздеу жолымен анықталмаған қараусыз қалған жануарлар қатарындағы иттер мен мысықтар нақтылау қажет.

Жабайы жануарлар - табиғи мекендеу ортасы бойынша жабайы табиғат болып табылатын, еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар; үй жануарлары – иесінің, жеке тұлғаның асырауында, оның уақытша немесе тұрақты қадағалауында болатын және асырау орны хайуанаттар парктері, зообақтар, цирктер, зоотеатрлар, дельфинарийлер, океанариумдер болып табылмайтын жануарлар (күтіп-бағуға тыйым салынған жануарлар тізбесіне енгізілген жануарларды қоспағанда); ауыл шаруашылығы жануарлары-жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алу үшін адам ұстайтын

және өсіретін жануарлар; қызметтік жануарлар-Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген іздестіру, күзет, патрульдік-күзет, қорғау-қарауылдық, іздестіру-құтқару және өзге де қызметтік мақсаттарда арнайы дайындалған және пайдаланылатын (қолданылатын) жануарлар; мәдени ойын - сауық іс-шараларында пайдаланылатын жануарлар-хайуанаттар парктерінде, цирктерде, спортта, азаматтардың демалысы мен ойын-сауығы саласында, жануарлар көрмелерінде және басқа да мәдени ойын-сауық іс-шараларында пайдаланылатын жануарлар.

Заң жобасында қолданыстағы заңнамада жоқ түрлі жануарлар түрлерімен қарым-қатынас кезіндегі ұғымдар мен жалпы талаптар қарастырылған, оның ішінде, жануарлар туралы жалпы ұғым, қаңғыбас жануарлар, үй жануарлары, қызметтік жануарлар, тәжірибелік жануарлар, жануарлар арасындағы сайыстар, жануарларды серуендету, жануардың өмір сүтерін орыны, ұсталатын орны, жануарлар баспанасы және т.б. мәселелер.

Бірыңғай мәліметтер базасын құру туралы ұсыныс құнды болып табылады, ол бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша бірыңғай электронды мәліметтер базасы түрінде болады, онда жануар мен оның иесі туралы ақпарат беріледі. Мұндай базаны енгізу жабайы және ауыл шаруашылық жануарларын ғана емес, барлық жануарлар түрлерін мемлекеттік деңгейде есепке алу, мониторинг жүргізу және бақылауға бағытталатын болады деп есептейміз. Мысалы жануарларды тіркеу жануарлардың санын анықтауға, әр жануар туралы мәліметтер жинақтауға, меншік иелерін және өзге де жауапты тұлғаларды белгілеуге бағытталған кешенді іс-шара түрінде жүзеге асырылатын болады.

Заң жобасының гуманистік бағыттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының қалалары мен елді мекендерінде жануарларды атуға толық тыйым салынуын атап өтуге болады.

Қорытынды. Сонымен қатар, осы саладағы қолда бар тәжірибеге және тұтас алғандағы құқық қорғау және табиғат қорғау нормаларының жүзеге асырылу тәжірибесіне сүйене отырып, біздің пікірімізше, осы

нормалардың жүзеге асырылуы барысында көрініс табуы мүмкін заң жобасының кейбір айқын кемшіліктеріне тоқтала кету қажет деп есептейміз.

Біріншіден, №498-ФЗ Заңмен толық сәйкестікте болып отырған заң жобасының атауының өзінің тиімділігі күман тудырады. Атауына «жауапты көзқарас» сөз тіркесінің бағалаушы ұғым ретінде енгізілуі заңның мәтінінен мазмұндық көрініс таппайды. Тек иесінің жануардың өмірі, денсаулығы мен игілігі үшін тікелей жауапкершілігіне жеке-леме сілтемелер бар және керісінше жануарларға қатыгездік көрсету мәселесі толық ашылып көрсетілген. Бұл жерде Қазақстан Республикасы Президентімен келісуге және заң жобасына неғұрлым ауқымды «Жануарларды қорғау туралы» немесе «Жануарлар туралы» деген ортақ атау берген дұрыс болатын сияқты.

Екіншіден, құқықтық мемлекет принциптерінің бірі нормативтік құқықтық актіде тікелей көрсетілмеген болса құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің болмауы принципі болып табылады. Заң жобасында оның нормаларының орындалмағаны үшін теріс салдардың болуын қарастыратын бірде-бір норма берілмеген. Алайда «жануарлармен қарым-қатынас саласындағы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда болашақта мәтіндегі санкциялық нормалар қайта қарастырылатын болады деген үмітіміз бар.

Үшіншіден, заң жобасының мәтінінде белгілі бір дәрежеде жануарлармен қарым-қатынасты реттейтін ҚР қолданыстағы өзге заңнамаларына қатысты бланкеттік нормалар берілмеген (фауналық, ветеринарлық, ауыл шаруашылық, көлік және өзге де ҚР заңнамалары).

Төртіншіден, өкінішке орай осы заң жобасы тұжырымдамасымен танысу мүмкін болмады және тиісінше біз міндетті түрде орын алатын заң жобасының ережелерін жүзеге асыруға жұмсалатын күтілетін қаржылық шығындардың көлемі, орын алуы немесе алмауы туралы айта алмаймыз. Заң жобасы нормасының мазмұны жануарлармен қарым-қатынас қызметін жергілікті бюджет қа-

ражаты есебінен қаржыландыруды қарастырады, оның өзі тәжірибеде көптеген кедергі келтіретін факторларға алып келетін болады. Заңнамалық деңгейде жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаражатты республикалық бюджеттен мақсатты қаражат бөлу арқылы қарастырған тиімді болар еді.

Жануарлардың барлық түрлерімен гуманистік және адамгершілік қарым-қатынас жасау саласындағы қазақстандық заңнамалар-

дың жаңа бағыты динамикалы түрде дамитын болады, жануарларды қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті деңгейде тәжірибеде жүзеге асырылады, сондай-ақ, жануарлармен қарым-қатынас барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ететін болады, сондай-ақ, құқықтың осы саласы бойынша жаңа ғылыми зерттеулерге бастама болады деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#pos=6;-108 (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2019.27.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593> (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2020.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061 (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
4. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-ІІІ Кодексі (2020.09.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30085593 (Қаралған күні: 09.11.2020 г.)
5. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (2020.15.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399 (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V (06.10.2020 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30947363 (Қаралған күні: 09.11.2020 г.)
7. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-ІV Заңы (2020.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30947363 (Қаралған күні: 05.12.2020 г.)
8. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 ж. 10 шілдедегі № 339-ІІ Заңы (2020.30.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1032052 (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
9. «Бал ара шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2002 ж. 12 наурыздағы № 303-ІІ Заңы (2018.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1029840 (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
10. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі № 278-1 Қазақстан Республикасының Заңы (2018.24.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1009804 (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
11. Минэкологии приглашает к обсуждению законопроекта «Об ответственном отношении к животным». [Электронный ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/84724?lang=ru> (Қаралған күні: 05.09.2020 г.)
12. Боголюбов С.А., Горохов Д.Б., Кичигин Н.В. и др. Комментарий к Федеральному закону от 27 декабря 2018 г. № 498-ФЗ «Об ответственном обращении с животными и о внесении изменений в отдельные законодательные акты Российской Федерации» (постатейный). Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации. - Москва: ООО «ЮРИДИЧЕСКАЯ ФИРМА КОНТРАКТ», 2020. - 280 с.

А.А. Мукашева¹, Т.К. Нурекешов²

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан

Животные как объект правовой охраны по законодательству Республики Казахстан

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы нового направления казахстанского законодательного регулирования в области нравственных и человеческих отношений со всеми видами животных, а также защиты прав и иных законных интересов граждан при обращении с животными и новых научных исследований в этой области юриспруденции. В казахстанском законодательстве ранее не давалось определения понятия «животные», кроме диких. Законопроект предлагает определить их как биологические объекты фауны, относящиеся к домашним, диким, в том числе содержащиеся в неволе или полувольных условиях, сельскохозяйственным. Также необходимо уточнение по безнадзорным животным, которые находятся вне места содержания и за которым утрачен контроль со стороны владельца животного, и по бродячим животным – собаки и кошки из числа безнадзорных животных, владельцы которых не установлены путем поиска в течение двух месяцев.

Ключевые слова: животный мир, животные, бродячие животные, домашние животные, служебные животные, экспериментальные животные, ответственность, обращение с животными.

A.A. Mukasheva¹, T.K. Nurekeshov²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey, Kazakhstan

Animals as an object of legal protection under the legislation of the Republic of Kazakhstan

Abstract. This article describes new ways of Kazakhstan's legislation in the field of moral and human relations with all types of animals and the protection of the rights and other legal interests of the citizens when dealing with animals and the beginning of new research in this area of law. The legal system in Kazakhstan has not previously defined the concept of «animals», except for wild ones. The law proposes to define them as biological objects of fauna related to domestic, wild, including those kept in captivity or semi-captive conditions, agricultural. It is necessary to clarify the issues concerning neglected animals that are outside the place of detention and for which control by the owner of the animal has been lost, and for stray animals-dogs and cats from among neglected animals whose owners have not been identified through a search within two months.

Keywords: animal world, animals, stray animals, pets, service animals, experimental animals, responsibility, treatment of animals.

References

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [The Constitution of the Republic of Kazakhstan of August 30, 1995 (as amended and supplemented on March 23, 2019)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#pos=6;-108 (Accessed: 05.09.2020 г.)
2. ZHануарлар дүниесін қорғау, өсімін молajту және пайдалану туралы 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Қазақстан Республикасының Заңы (2019.27.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 9, 2004 № 593-II on protection, reproduction and use of wildlife (as amended and supplemented on November 27, 2019)]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593> (Accessed: 05.09.2020 г.)
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (ZHалпы бөлім) (2020.03.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General Part) (as amended and supplemented on March 7, 2020)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061 (Accessed: 05.09.2020 г.)
4. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Кодексі (2020.09.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [«Environmental Code of

the Republic of Kazakhstan» Code of the Republic of Kazakhstan dated January 9, 2007 № 212-III (as amended and supplemented on September 11, 2020). [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30085593 (Accessed: 09.11.2020 г.)

5. «Әкімшілік құқық бұзшылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдесіндегі № 235-V Кодексі (2020.15.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Code of the Republic of Kazakhstan «On Administrative Offences» of July 5, 2014 № 235-V (as amended and supplemented on November 11, 2020)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399 (Accessed: 05.09.2020 г.)

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдесіндегі № 226-V (06.10.2020 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 № 226-V (as amended and supplemented on October 6, 2020)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30947363 (Accessed: 09.11.2020 г.)

7. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы (2020.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Law of the Republic of Kazakhstan «On State Property» dated March 1, 2011 № 413-IV (as amended and supplemented on November 16, 2020)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30947363 (Accessed: 05.12.2020 г.)

8. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 ж. 10 шілдесіндегі № 339-II Заңы (2020.30.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Law of the Republic of Kazakhstan «On Veterinary Medicine» of 2002 Law No. 339-II of July 10, 2020 (as amended and supplemented on May 5, 2020)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1032052 (Accessed: 05.09.2020 г.)

9. «Bal ара шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2002 ж. 12 наурыздағы № 303-II Заңы (2018.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Law of the Republic of Kazakhstan «On Beekeeping» 2002 Law No. 303-II of March 12, 2018 (as amended and supplemented on December 28, 2018)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1029840 (Accessed: 05.09.2020 г.)

10. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдесіндегі № 278-1 Қазақстан Республикасының Заңы (2018.24.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Law of the Republic of Kazakhstan «On Pedigree Livestock» of July 9, 1998 № 278-1 (as amended and supplemented on May 24, 2018)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1009804 (Accessed: 05.09.2020 г.)

11. Minekologii pri glashaet k obsuzhdeniyu zakonoproekta «Ob otvetstvennom otnoshenii k zhivotnym» [The Ministry of Ecology invites you to discuss the draft law «On Responsible Treatment of Animals»]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/84724?lang=ru> (Accessed: 05.09.2020 г.)

12. Bogolyubov S.A., Gorohov D.B., Kichigin N.V. etc. Kommentarij k Federal'nomu zakonu ot 27 dekabrya 2018 g. № 498-FZ «Ob otvetstvennom obrashchenii s zhivotnymi i o vnesenii izmenenij v otdel'nye zakonodatel'nye akty Rossijskoj Federacii» (postatejnyj). Institut zakonodatel'stva i sravnitel'nogo pravovedeniya pri Pravitel'stve Rossijskoj Federacii [Commentary to the Federal Law of December 27, 2018 No. 498-FZ «On the Responsible Treatment of Animals and on Amending Certain Legislative Acts of the Russian Federation» (itemized). Institute of Legislation and Comparative Law under the Government of the Russian Federation] (Moscow: LLC «LEGAL FIRM CONTRACT», 2020, 280 с.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Мукашева А.А. – негізгі автор, заң ғылымдарының докторы, профессор Л.Н. Гумилев атындағы азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Нурекешов Т.К. – Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан.

Mukasheva A.A. – **The main author**, Doctor of Law, Professor of the Department of Civil, Labor and Environmental of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Nurekeshov T.K. – Senior Lecturer of the Department of Civil Law, Ph.D., Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey, Kazakhstan.